Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №1

07.09.2022ж «Кәусар-Әли» б/б

Төрағалық етуші: Базарбекова.Қ
Хатшы: Ескендирова.Н
Қатысқандар:19

Күн тәртібі

1.Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. Қызметкерлердің құрамы, 2022-2023 оқу жылында жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы

3.Әртүрлі мәселелер
**Тыңдалды:** Балабақша меңгеруші балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі.

Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі ауысымда жұмыс жасағандықтан, бірінші ауысымдағы және екінші ауысымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылғы оқу жылында жаңа қызметкерлер қосылған жоқ, алайда әрбір қызметкер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды атап өтті.

**Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі және дәмбикесі сөз алды, ол өз сөзінде балалардың тамақтануы мәзірінің айлық, және бір апталық мәзір алдын-ала дайындалып қойылатынын және де күз мезгілінде, көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан ас мәзіріне көптен енгізілгендігі туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтанудың ұйымдастырылуы снпин талаптарына сай жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: Базарбекова.Қ
Хатшысы: Ескендирова.Н

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №2

12.12.2022ж «Кәусар-Әли» б/б

Төрағалық етуші: Базарбекова.Қ
Хатшы: Ескендирова.Н
Қатысқандар: 20

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.
3. Күн тәртібінің орындалуы.

**Тыңдалды**: Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабақша меңгерушісі сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті, алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалып, сценарийлерін талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рольдеріне қызметкерлер бекітілді.

**Тыңдалды:** Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өтті, қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелер, топтарда қарапайым өрт қауіпсіздің ережелерін сақтауды ескертті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі, әдіскері сөз алып, балабақшада күн тәртібінің орындалуына байланысты хабарлама жасады. Күн тәртібі таңертеңгілік қабылдау мен баланы кешке шығарып салғанға дейінгі тәрбиелік іс-шаралар жататынын білесіздер. Жүйелі ұйымдастырылған күн тәртібі баланың денсаулығының мықты болуымен, көңіл күйіне де әсер етеді. Баланы күнде таза ауада шынықтыру оң әсерін тигізеді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.

2. Өрт қауіпсіздігі ережелері сақталынсын.
3. Күн тәртібінің сақталуы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төрағасы: Базарбекова.Қ
Хатшысы: Ескендирова.Н

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы №3

28.01.2023ж «Кәусар-Әли» б/б

Төрағалық етуші: Базарбеков.Қ
Хатшы: Ескендирова.Н
Қатысқандар: 20

Күн тәртібі

1. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы (анықтама)
2. Наурыз мерекесіне дайындық

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды, топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың сақталуы, ең алдымен балалардың гигиеналық процедуралардығ сақталуы және күн тәртібінің сақталуы, топтардың санитарлық жағдайынан тұратынын айтып өтті. Балабақша медбикесі сөз алып, топтарды бақылау барысында санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуында кей топтарда кемшіліктер орындалғанын айтып өтті, атап өтер болсам, төсектердің маркировкасы сақталмауы, яғни жастықтар ауысып кеткен, сервированың сақталмауы сияқты кемшіліктер орын алып дер кезінде тәрбиеші мен көмекшілеріне ескертіп отырдым.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері сөз алып бүгінгі жиналыста айтылған кемшіліктерге мұқият болуымен қатар санитарлық нормалардың сақталуын сұранды, сонымен қатар наурыз айында екі мереке аталып өтетінін, мерекенің сценарийлері мен санитарлық талаптың орындалуын атап өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы күнделікті жүргізілсін
2. Наурыз мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.

Жиналыс төрағасы: Базарбекова.Қ
Хатшысы: Ескендирова.Н